

FTAMP 14.25.09

Г.Л. Абдрасилова (orcid - 0000-0001-9421-5974)

Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан
e-mail: abdrasilova72@mail.ru

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МҰРАЛАРЫН БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУ

Аңдатпа. Зерттеу жұмысы А.Байтұрсынұлының халқымыздың кемеңгер ұстаз ретіндегі ролін және мұраларын зерделеп, ғалымның педагогикалық көзқарастарына талдау жасауға арналған. Сондай-ақ А.Байтұрсынұлының бастауыш мектепте оқытуға байланысты еңбектерінің маңызы мен оларды пән сабақтарында қолданылу жолдары ашып көрсетілген.

А. Байтұрсынұлы шығармалары мен еңбектеріндегі адамгершілік мәселелері, оның жоғарыда аталған аудармаларында басты орын алғандығына көз жеткізілген. Ғалым аудармасының басты ерекшелігі: оның аудармалары тікелей тәржіма емес екендігі дәлелденіп, олардағы автордың өзіндік пікірлері қамтылған.

Грамматикалық және жалпы тілдік категориялар мен құбылыстар туралы сөз еткендігі, Ахмет Байтұрсынұлының сол ұғымдар мен түсініктерді арнайы қазақша терминдер ретінде атап, анықтама бергендігі айтылған. Қазақ тіл біліміне қатысты барлық жәйттерді қазақ тілінің өзіндік табиғаты мен ерекшелігінен туындайтын заңдылықтарына, ерекшеліктеріне сүйене отырып, өзге тілдердің қалпына салмай, жүйелі түрде баяндайтындығына мысалдар келтірілген.

Тірек сөздер: Бастауыш мектеп, А.Байтұрсынұлы мұралары, білім беру, бастауыш мектеп, тіл білімі.

Кіріспе. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" атты Жолдауында: "Қазақ қоғамында жаңа қағидаттар және жаңа бағдарлар салтанат құруға тиіс. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: "Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек" дейді. Бұл көзқарас бүгінгі күні өте маңызды" деп атап өткен еді [1].

Ұлтымыздың ұлы ұстазы 1913 жылы «Қазақ» газетіндегі «Қазақша оқу жайынан» деген мақаласында Ахаң: «Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек...» – деген болатын еді [2]. Халқымыздың рухани жетекшісі болатын тұлға белгілі бір ұстанымдарды мұрат, мақсат ете отырып, оларды өз халқының мәдени, әлеуметтік өміріне жарататындай істерге баруы керектігі белгілі нәрсе. Әлбетте, ондай адам атақ - лауазым үшін немесе қайтсем осындай бағаға ие боламын деп әрекет жасамайды, халқының рухани, мәдени дүниесін көкке көтеру үшін қызмет жасайды. А.Байтұрсынұлы өткен ғасырдың алғашқы жылдарындағы қазақ қауымы қозғалысының көшбасшысы ретінде танылып – оның қазақ халқын, жұртын «іргелі жұрт» қатарына қосу жолындағы күресі және осы күресте өзі ұстаған қаруының бірі – оның ағартушылық идеясы болды. Сондықтан Ахмет Байтұрсынұлы қазақ халқының ұлттық болмысын ояту, тұрмыс жағдайын жақсарту, жаппай сауаттандыру қажеттігін айтып, бар өмірін соны насихаттауға арнады.

Ахмет атамыз Қазақстандағы білім беру жүйесінің негізін қалай отырып, оның құрамды бөліктерін де нақты көрсетіп берді. Оларды атап айтсақ: ұлтымыздың жазу жүйесі, ұлттық негіздегі оқу бағдарламалары,

оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар, сол ұлттық мектепке қажетті құрал-жабдықтар және сол мектептің «жүрегі» іспетті ұстаздар қауымы.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларының өз ана тілінде сауатын ашып, хат тануына аса назар аударған. Сол мақсатта «Сауат ашқыш» деген оқу құралын жазып шықты. Бұдан соң да оның қаламынан тұңғыш әліппеміз «Әліпби», одан кейін «Оқу құрал» сияқты еңбектері жарық көрді.

Ахмет Байтұрсынов «Бастауыш мектеп» атты мақаласында қазақ ұлттық бастауыш мектептеріндегі оқытылатын пәндер тізбесін жасап, ол пәндерді не оқытудың қажеттілігі жайлы сөз етеді: «оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, шаруа-кәсіп, қолөнері, жағрафия, жаратылыстану болу керек» деп әрқайсысының маңызын атап көрсетеді [3]. Ахаңның бұдан да басқа көптеген еңбектері қазіргі күнге дейін өзінің мәнін жоя қойған жоқ. Атап айтсақ, «Әдебиет танытқыш», «Маса», «Тіл құрал» сияқты еңбектерінде ойып тұрып орын алған шығармалары мен туындылары қазіргі таңда да бастауыш мектеп тәжірибесінде қолданылып жүр.

А.Байтұрсынұлының мұрасы негізінен Қазақстандағы бастауыш білім беру жүйесін жаңғыртуды көздейтіндіктен, ғалым еңбектерін барлық мемлекеттік және мемлекеттік емес мектепке дейінгі және бастауыш мектептің оқу-тәрбие үдерісіне оқушылардың жас ерекшеліктеріне ескере отырып енгізілсе, егеменді еліміздің болашағын ойлайтын, мәдени-құндылық қасиеттері жетілген тұлғаны қалыптастыруға болатындығы айқын.

Ахаңның қазақ халқының даналығын, тәрбиелік мәнін баяндайтын даналық сөздері мен өлеңдері, әңгімелері мен мысалдары бастауыш мектеп бағдарламасында оқытылса, оқушыларға ұлттық тәрбие беруде олардың маңызы ерекше болар еді.

Зерттеу шарттары мен әдістері. А.Байтұрсынұлының өмірден алған көптеген ой-толғамдарын, оның қалдырған мұрасын, қаламгердің өмірлік ұранын, тіл қабілетін, ғұламалығын, шығармаларының өміршеңдігінен мысалдар келтіре отырып, пән сабақтарын тәрбие жұмысымен ұштастыра жүргізу барысында, бастауыш сынып оқушыларының бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға қол жеткізетініміз сөзсіз.

Сондықтан да зерттеу жұмысымызда ұлт ұстазының тәлім-тәрбиелік маңызы зор даналық сөздері, шығармалары мен өлеңдері бастауышсыныптардың оқу бағдарламасына ендірілсе, оқушыларға ұлттық тәрбие беруде жетістіктерге жетеміз деген болжам жасалынды.

Зерттеу барысында мынадай міндеттерді шешу көзделініп отыр:

1. Оқушылардың ақыл-ой қабілеттерін дамыта отырып, ұлы ғалым, тіл білімінің негізін салушы А.Байтұрсынұлы туралы толық түсінік беру.

2. А.Байтұрсынұлы мұраларын зерттеуде ғалымның әдістемелік еңбектерін қарастыру және талдау.

3. А.Байтұрсынұлы шығармаларын бастауыш сыныптардағы қазақ тілі сабағында, сыныптан тыс жұмыстарда пайдалану.

4. А.Байтұрсынұлының шығармашылығын оқыту барысында оқушыларды адамгершілік қасиеттерге, халқын сүюге тәрбиелеу.

Бастауыш мектепте оқытуға байланысты психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде көрсетілген тақырып бойынша сәйкес келетін оқытудың әдіс-тәсілдері талданып зерттелді.

А.Байтұрсынұлы мұрасы негізінде жазылған ғылыми-әдістемелік еңбектерді, сонымен қатар дербес педагогтардың тәжірибесін талдап зерделеу жүргізілді.

А.Байтұрсынұлы мұрасы бастауыш сыныптың оқу-тәрбие үрдісіне оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып енгізілсе, мәдени-рухани, құндылық қасиеттері жетілген тұлғаны қалыптастыруға мүмкін болатындығына көз жеткізілді. Тақырыпты саралап зерттеу барысында пікір алмасу, әңгімелесу, бақылау, көрнекіліктер қолдану, оқушылардың құжаттарын талдау сияқты әдістерге жүгіндік. Зерттеудің алғашқы кезеңдерінде ғалым еңбектерін зерделеп, әдістемелік тұрғыдан зерттеу жұмыстары жүргізілді. Жұмыстың теориялық-практикалық құндылығы анықталып, зерттеудің мақсат-міндеттері анықталды. Келесі кезеңдерде А.Байтұрсынұлы мұраларын оқу үрдісінде пайдаланудың әдістері мен тәсілдері, оларды бастауыш сыныптардың оқу-тәрбие үрдісіне ендірудің жолдары айқындалып көрсетілді.

Зерттеу нәтижелері. А.Байтұрсынұлы еңбектерінің тәрбиелік мүмкіндіктері "Қырық мысал" еңбегі бойынша, "Маса" еңбегі бойынша, "Әдебиет танытқыш" кітабындағы ауыз әдебиеті үлгілері бойынша жасалынды[4]. Мұнда А.Байтұрсынұлы шығармаларын оқыту арқылы білімділік, тәрбиелік, дамыту – сияқты педагогикалық мүмкіндіктерді іске асырудағы қолданылған әдіс-тәсілдер көрсетілген.

"Қырық мысал" еңбегі бойынша саралау жүргізсек, бұл еңбекте И.А.Крыловтың аудармалары алынғандығы, көшпелі халықтың тыныс-тіршілігімен тікелей байланысты - жан-жануарлардың өмірінен алынған мысалдардың халықтың өзінің төл туындысындай болуы таң қалдырады. Шығармалар аударма болғанымен ондағы жаңа ойдың, соны пікірдің, толғаулы сөздердің барлығы ақынның төл туындысы екендігіне көз жеткіземіз. Түрлі аңдардың кейпінен ым-ишарамен берілген тұжырымның бірде тұспалдап, жұмбақтап, бірде ашық айтылуы туралы М.Әуезов "алғашқы төңкеріс рухындағы сөзі" деп өте құнды пікір айтқан болатын[5].

"Қырық мысалдың" жақсы-жаман қасиеттерді ажырата білуге, ынтымақ пен бірлік, тәкәппарлық пен дұшпандық, табалаушылық пен көре алмаушылық, әр адамның өзінің мінін көре білуге, адамгершілік пен еңбек сүйгіштікке, кішіпейілділік пен қайырымдылыққа тәрбиелеудің басты құрал екендігі осы күнге дейін мың рет дәлелденген.

Бұл аудармалар баланың тіл байлығын арттырып, мәнерлеп оқуды, оқығанын әсерлеп айта білуді, шығарманы оқуда эмоционалды сезінуді, сондай-ақ сөз үлесімділігін сақтай отырып жеткізуді, шығармашылықпен жұмыс жасауға үйретеді.

Мұның бәрі өз кезегінде оқыған шығармаларынан алған әсерлерінен сурет салу, мүсіндеу, сахналау, театрландыру және драмалау сияқты әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асады. Соңғы нәтиже алған әсерлерінен шыққан пікірді қажетіне қарай өмірде пайдалана білуге үйренеді.

"Маса" еңбегінде жеке бастың мұң-шерін немесе тұрмыс-салт туралы суреттеулер емес, ең бастысы әлеуметтік-қоғамдық жайлы ойлар, азаматтық идеялардың мазмұны бейнеленген. Бұл туралы да М.Әуезовтың "елшілдік ұраны" деу себебі сондықтан, халықтың ұлттық сана-сезімін оятуға ықпал ету деген сөз. Қазақ халқының басынан өткерген қиын хал-жағдайын суреттеген шыншыл да көркем шығарма. Халықты қараңғылықтан, надандықтан, марғаулық пен шаруаға енжарлықтан оятудың тиімді тәсілі іспетті әрекеті болып табылады.

Бұл еңбек арқылы туған еліне деген сүйіспеншілікке, халықтың сол кездегі жай-күйін түсінуге; Елге, Жерге, Тілге деген сүйіспеншіліктің себебінен туған іс-әрекетті құрметтеуге тәрбиелеу жүргізіледі.

Балалардың ақыл-ойын, қиялын дамытып, қабылдай білуге, естігендерін есте сақтауға, шығармашылығын эмоционалды мәнерлікпен пайдалана білуге баулиды.

Мұның бәрі Ахмет атамның құнды пікірлерін еркін көрсету, мәнерлеп оқу жарыстарын ұйымдастыру, жеңімпаздарды А.Байтұрсынұвқа арналған кештерде марапаттау әдістері арқылы жүзеге асады.

"Әдебиет танытқыш" еңбегіндегі ауыз әдебиеті үлгілерінің бастауыш мектепте оқытылуы ерекше назар аударатын жағдай.

Ауыз әдебиетінің бай түрлері: ермектеме – ертегілер, ертегісымақтар мен өтірік өлеңдер, жұмбақ пен жаңылтпаштар, бас қатырғыш; заңықтамалар - ертегі жырлары мен тарихи жырлар, айтыс пен үгіт өлеңдер, толғаулар мен түрлі терме өлеңдерді орынды пайдалану өте маңызды. Олардың түрлі салаларға, тармақтарға, бұтақтарға бөлінетіндігін, оларға тұжырымдама жасалуын; олардың тәрбиелік мәні мен өміршеңдігін білу, пайдалана білу. Бір тарауы – сарындама, салт деген сөзге – мысалдар мен мәселен, ділмәр (афоризм) сөз бен тақпақтар, мақалдар мен мәтелдер; сарындама екінші тарауы ғұрып сөзіне - той бастар мен жар-жар, беташар мен неке қияр, жарапазан деген сияқты; сарындама үшінші тарауын - бесік жыры және бал ашқанда, ауру баққанда және бақсылардың жынын шақырғанда, тісті емдегенде және құрт шағыру, мал бәдік болғанда сияқты танымдық іс-әрекетін қалыптастыруға арналған.

Бұл әрине өз кезегінде бүлдіршіндердің бойында адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына, ерекшеліктерін айыра білуіне, ата-бабаларымыздың бала тәрбиесіндегі рөлін бағалай білуге, құрмет көрсетуге, салт-дәстүрлерімізді құрметтеуге, оларды пайдалана білуде тапқырлық пен табандылыққа, жылдам шешім қабылдауға, достық пен мейірімділікке, инабаттылық пен адалдыққа тәрбиелейді.

Сонымен қатар олардың ой-өрісі мен талғамын, шығармаларды мазмұнына қарай таңдап алуға; оны орынды пайдалана алуға, өмір тәжірибесінде қолдануға, көргенін талдай алуға, мазмұндама жазуға, әңгімелесуге, алған әсерлерін әңгімелеп беруге, айырмашылығын айта білуге баулиды.

Мұның бәрі оларды пән сабақтары мен мерекеліктерде, апталықтар мен айлықтарда пайдалануға; сурет салғанда, мүсіндегенде пайдалана білуге мүмкіндік береді. Ал бұлар мынадай әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асады: сұрақ-жауап әдісі, сауалдама жүргізу, ажырату, айырмашылығы мен тұжырымын біліп, оны пайдалана алу, үлкендердің салт-дәстүрлерін жадында сақтау, алған әсерлерін шығармашылықпен әңгімелей алу.

Ғылыми нәтижелерді талқылау. А. Байтұрсынұлы мұраларын бастауыш мектепте оқыту бойынша жүргізілген жұмыстарды нәтижесін талқылай келе, 2,3,4-сыныптардың «Әдебиеттік оқу» оқулықтарында берілген А. Байтұрсынұлының үш-төрт туындысын талдауды жөн көрдік. Біріншіден 2-сыныпта берілген «Мен қалай оқуға бардым?» әңгімесін оқыту сабағының өтілу барысымен таныстырамыз. Сабақ мақсаттары әдеттегідей оқу бағдарламасына сәйкес таңдалынып алынды: күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға байланысты сөйлеумәдениетін сақтап, диалогке қатысу, шығарманы іштей оқып, ондағы қажетті ақпараттарды белгілеп оқу, мұғалім көмегімен үлгі бойынша шағын ертегілер, жұмбақтар жазу, мәтіннің үзіндісіне сүйеніп, оқиғаның соңын болжау. Сабақ барысы ойлаудың (Блум) алты деңгейіне сәйкес жүргізілді [6].

Білу және түсіну деңгейі бойынша оқушылар оқулықтағы негізгі тақырыппен танысты. Оқушыларға «Көшбасшы және тыңдаушылар» әдісі ұсынылады. Бір оқушы Көшбасшы ретінде ұсынылады. Көшбасшының ұйымдастыруымен мәтінмен жұмыс жүргізіледі. Яғни Ахмет Байтұрсынұлы туралы қажетті ақпарат жинақталып, таныстырылады.

Қолдану деңгейінде мәтінмен жұмыс жүргізіледі. Оқушылар мәтіннің мазмұнымен оқып танысады. Бұл жерде ескертетін нәрсе, мәтіннің мазмұнын оқулықтан емес, алдын-ала дайындалған карточкалардан немесе тактадан оқу ұсынылады. Өйткені мәтін толық оқытылмайды, соңғы сөйлемі ұсынылмайды. Мәтінде айтылған «жұмбақ», «мақал», «өлең» деген сөздерге мән беріліп, оқушылардың жатқа білетін жұмбақ, мақал, өлеңдері сұрастырылады.

Талдау деңгейінде «Ыстық орындық» әдісі қолданылады. Жаттығудың сипаттамасы: Бір оқушы орындыққа отырып өз пікірін айтады және де тақырып бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді. Сұрақты анағұрлым қызықты, мазмұнды ету үшін, оқушылар белгілі-бір айтылған пікір бойынша бірін-бірі алмастыра отырып алға шығып сөйлейді.

Жинақтау деңгейінде "Таңда да таста" әдісі қолданылады. Мұнда мәтіннің үзіндісіне сүйеніп, оқиғаның соңын болжау жұмысы жүргізіледі. Оқушылардан мәтіндегі оқиғаның соңы қалай аяқталатыны сұралады. Оқушылар өз ойларын қағазға жазып, умаждалған қағаздарын бір-біріне лақтырады (3-5 секундтай). Оқушылар алдарына жақын түскен қағазды алып оқиды, кабинеттің төрт бұрышына алдын-ала ілінген жауаптардың өз қолдарындағы жауаптарымен қайсысы сәйкес келеді, сол бұрышқа барып тұрады, өз таңдауларының себебін түсіндіріп негіздейді. Бұл мәтін бойынша Мынадай жауаптар ілінуі мүмкін:

1. Ертеңіне оқуға өзім бардым
2. Ертеңіне әкем мені оқуға алып барды.
2. Ертеңіне Әбішпен бірге оқуға бардым.

Бағалау деңгейінде оқушылардың қаншалықты дұрыс болжам жасағандығы анықталады.

Кері байланыс жасауда «Жетістік» баспалдағы қолданылады. Оқушылар өздерінің қандай да бір білім баспалдағында тұрғандарын өздері анықтап, өздерін бағалайды, не себепті солай бағалағандарын айтып түсіндіреді.

А. Байтұрсынұлының 3-сыныпта берілген «Оқуға шақыру» өлеңін оқытуда оқушыларға белсенді оқу тапсырмалары (топта, ұжымда) ұсынылады. Мысалы, «Көршіңе әңгімелеп бер» әдісі. Мұнда оқушыларға жана тақырып ұсынылады, осы тақырып бойынша өздерінің білетіндерін көршісімен бөлісуі тиіс. Мұғалім сұрақ қою арқылы, оқушыларға өз ойластырып жинақтауға уақыт береді. Оқушылар өз ойларын көршісіне дауыстап айтады береді. Тағы сондай тиімді әдістердің бірі «Ойлан, Жұптас, Пікірлес» әдісі. Оқушыларға қандай да бір болмасын сұрақ, тапсырма беріледі, бұл олардың тапсырманы тыңғылықты орындауына бағытталатын интербелсенді тәсілге жатады. Тақтаға сұрақ немесе тапсырма жазылған соң әрбір оқушы жеке өз ойын немесе пікірін белгіленген уақыт аралығында (2-3 минуттай) қағаз бетіне түсіреді. Содан соң оқушы өз жұбымен жазғанын 3-4 минуттай талқылайды, пікір алысады. Мұғалім үш-төрт жұптың өз ойларын бүкіл сыныпқа жариялауын ұсынады.

Ахаңның "Қырық мысал" еңбегінде берілген 4-сыныпта берілген «Аққу, шортан һәм шаян» және «Екі шыбын» мысалдарын оқыту арқылы

бастауыш сынып оқушыларының бойында адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеуіміз сөзсіз.

Мысал дегеніміз - шығармалардың ішіндегі ең қысқаша түрі болып табылады. Кейіпкерлері аң, хайуанат немесе жәндік болады. Адамдар бойындағы мін мен кемшілік мазакқа айналып, әзіл-сықақпен сыналып, мінеледі. Мысалдың өн бойында түйінді ой болады. Ал түйінді ой - ақынның елге айтар өсиеті.

Ахмет Байтұрсынов И.А. Крыловтан 40 мысал аударған болатын. Төменде сол мысалдардың екеуін тандап алып, оларды оқытудың педагогикалық мүмкіндіктері мына төмендегі 1-кестеде қамтыдық.

1-кесте

Ахмет Байтұрсынов шығармаларының педагогикалық мүмкіндіктері

Тақырыбы	Педагогикалық мүмкіндіктер			Әдіс-тәсілдер
	Білімдік	Тәрбиелік	Дамыту	
Акку, шортан һәм шаян	Аққудың — көкте, шортанның — көлде, шаянның — құрлықта өмірсүруі себепті барлығының бір бағытты таңдай алмауы, бір-бірін түсінбеуі. Ал адамдардың жерде күнелткендіктерінен, бір мақсатқа жететіндей алатындай мүмкіндігінің болуы	Әр қайсының өзіне тән табиғатын түсіне білу, оны қорғай білу, сүйіспеншілікке тәрбиелеу	Талғамды талдай алу, әрқайсысын ерекшелікте рін түсіну	Әсерлі түрде драмалау, сахналау, шығармашылық тұрғыдан әңгіме құрау
Екі шыбын	Біреудіңенбегінбағаламау, оны иемденудің дұрыс еместігін түсіну, өтірік айту, өзімшіл болу, мақтаншақ болудың зиянды әдет екенін пайымдау	Мақтаншақтық, тәкәппарлық, өзімшілдік сияқты жаман әдеттерден сақтандыру	Ізденушілікке пен өз бетінше талдай алу	Оқиғаға байланысты мақал-мәтелдер, тенеулерді пайдалану; шығармашылық тұрғыдан әңгіме құрау

А. Байтұрсынұлы шығармалары мен еңбектеріндегі адамгершілік мәселелері, оның жоғарыда аталған аудармаларында басты орын алғандығына көз жеткізілді. Ғалым аудармасының басты ерекшелігі: оның аудармалары тікелей тәржіма емес, оларда автордың өзіндік пікірлері қамтылды.

Әсіресе, А.Байтұрсынұлының мұраларын бастауыш сыныптарда жүргізілетін сыныптан тыс тәрбие жұмыстары мен «Әліппе», «Қазақ тілі», «Әдебиеттік оқу» пәндеріндегі берілген білім мазмұны негізінде оқытып, түсіндіру арқылы жүргізілді. Сондай-ақ, әр түрлі пән үйірмелерінде, экскурсия мен саяхаттарда жүзеге асырылды.

А.Байтұрсынұлы бастауыш сынып оқушыларына білім беру мен тәрбиелеуді, дамытуды жан-жақты талдай отырып, былай деген болатын: «Адамға тіл, құлақ қандай керек болса, бастауыш мектепте үйренетін білім де сондай керек». Сондықтан дабалаларды ғалым мұраларымен сусындатып өсіру бүгінгі таңның маңызды мәселесі.

Сонымен қатар А. Байтұрсынұлы «сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге үйету» мақсатына да аса зор мән берген болатын. Ғалымның балаларды жазбаша жазу шығармашылық жұмыстарына үйрету мақсатындатіл дамыту жұмыстарды жүргізуді көздегенін оның әдістемелік еңбектерінен және оқу құралдарында ұсынылған жаттығу үлгілерінен аңғару қиын емес. Мысалы, А.Байтұрсынұлы өзі көптеп пайдаланған «Қайсысын қайда қою» (көрсетілген бірнеше сөйлемдерді дұрыс орналастырып, мәтін құрау жұмысын жүргізу), «Сұраққа жауап», «Қолайына қарай қос сөйлеммен қою», «Құрастыру», «Ермек еңбек» сияқты алуан түрлі тапсырмаларды құрастыру барысындабаланы дамыта оқытуға төселдіруді көздеген болуы керек.

Сондықтан да заманауи талаптарға сай мұндай тапсырмалар оқушылардың шығармашылығын тереңдету мақсатында қолдануға әбден лайық деп санаймыз.

Қорытынды. Қазақ тілімізді ғылымитұрғыдан негіздеп, оны үлкен ғылым саласы ретінде ғылыми әдіс-тәсілдер арқылы алдымен өз ұлтымызға, содан соң күллі әлемге туған тілімізде паш еткен қазақ елінің мақтанышы – Ахмет Байтұрсынұлы үлкен әріптен басталатын терең ойлы оқымысты ғалым және жазушы, ұстаз және қоғам қайраткері.

Ғалым өзінің терең зерттеулерінде қазақ тіл білімінің негізін құрайтын басты салаларын түгелімен қамтыған, оның ішіндегі дыбыстық жүйесі мен морфологиясын, синтаксисін өз ана тілімізде тұңғыш рет сипаттаип жасай отырып, ғылыми-теориялық мәселелерді ашып, терең де құнды тұжырымдар жасаған. Оған қазақ тіл білімінің негіздерін тануға, оқып-зерделеуге бағытталған еңбектерін мысал келтірсек болады. Олар: «Тіл – құрал» және «Тіл танытқыш», «Сауат ашқыш» пен «Оқу құралы» және тағы басқалар.

Бірқатар грамматикалық және жалпы тілдік категориялар мен құбылыстар туралы сөз еткенде, Ахмет Байтұрсынұлы сол ұғымдар мен түсініктерді арнайы қазақша терминдер ретінде атап, анықтама берген болатын. Қазақ тіл біліміне қатысты барлық жәйттерді қазақ тілінің өзіндік табиғаты мен ерекшелігінен туындайтын заңдылықтарына, ерекшеліктеріне сүйене отырып, өзге тілдердің қалпына салмай, жүйелі түрде баяндаған.

Ғалымның зерттеу нысанына айналған қазақ тілінің лингвистикалық білімінің кез - келген мәселесі өзінің ерекше қажеттілігі мен өміршеңдігін әлі күнге жоғалтпаған.

Оған мысал ретінде жазу мен емле, орфография және терминалогия сияқты мәселелерді атап айтуға болады. Ахмет Байтұрсынұлы тіл туралы өз зерттеулері «Өмірбаянында» былай деп жазады: біріншіден, қазақ тілі фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік тұрғыдан зерттеумен, екіншіден, қазақ алфавитін, орфографиясын жеңілдету және реттеу үшін реформа жасаумен, үшіншіден, қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, басқа тілдердің синтаксистік ықпалынан тазартумен, ақыры, ең соңында, төртіншіден, проза тілін кітаби тіл арнасынан стилистикалық өңдеу, қазақ сөздерінен термин жасау арқылы халықтың жанды тілінің арнасына көшіру істерімен айналыса бастадым.

Жалпы тіл білімі түріктануда маңызды орынды – типология алады, түбір туралы мәселелерде Ахмет Байтұрсынұлының асадәл, ғылыми мәнін әлі де жоймаған құнды пікірлерін айтуға болады. Ол әлемдегі тілдердің типологиялық ерекшеліктеріне байланысты бөлінген терминдерді қазақша былай атаған: түбіршік, жалғамалы және қопармалы тіл және де осы топқа қандай тілдер кіретіндігін айтқан. Сонымен бірге әр түрлі лингвистикалық тәсілдерді жіктеу және топтастыру, тапқа бөлуді т.б. ендіріп, өз зерттеулерінде көп қолданған.

Қазақ тіл білімі терминалогиясын қалыптастыруда ұлттық терминжасам принциптерін қазіргі заманғы лингвист – ғалымдар өздерінің зерттеулері мен еңбектерінде ғалымның ой-пікірлерін кеңінен қолданып, соған арқа сүйеп келеді.

Қазақ тіл білімі бойынша Ахмет Байтұрсынұлы айтқан ой-пікірлер, ғалымнан бастау алған ғылыми дәстүр бір сәтте үзілген емес, ол өз үйлесімін, сабақтастығын тауып, қазіргі ғалым-маман қазақ лингвисттерінің еңбектерімен жалғасын тапты.

Жалпы орта білімге қол жеткізген қазіргі кезде де Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылығының маңызы бұрынғыдан да тереңдей түседі. Өйткені, білім мен дүниені танудың басты негізі бастауыш мектеп екені даусыз.

Әрбір оқушының одан әрі танымдық іс-әрекетінің тиімділігі – оның жеке тұлғасының қалыптасуы мен дамуына әсер етудің маңыздылығы – білім берудің бастапқы кезеңінде, яғни бастауыш мектеп те екендігі сөзсіз.

Ғылым мен техниканың дамуы, адамзат қоғамы жаңа ғасыр табалдырығын аттағаннан бері Ахмет Байтұрсынұлының біріншіден, алатын білімнің ана тілінде берілуі керек, екіншіден, халық сауатты болуы керек деген ұстанымы әлі де құнды болып табылады. Бастауыш мектептегі білім туралы пікірлері уақыт алшақтығына қарамастан 1996 жылғы қыркүйекте қабылданған «Қазақстан Республикасы Жалпы білім беретін мектептеріне арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін дайындаудың мақсатты бағдарламасымен» сәйкес келетіні соның дәлелі.

Жалпы білім беруді зерттеу ешқашан тоқтаған емес. Білім саласында еңбек етіп жүрген барлық ұстаздар мен ғалымдардың мақсаты – заман талабына сай, әлемдік білім кеңістігіне еніп, ұлттық негізін жоғалтпайтын тұлға тәрбиелеу.

Бұл жерде айтқымыз келгені, саналы өмірін қоғамдық-ағарту жұмыстарына ішкі дайындықтан бастаған Ахметтің халықтың көркем өнері мұрасының мәні мен эстетикалық қадір-қасиетіне терең үңіліп, оны жинақтап, басып шығаруға көп еңбек сіңіргені.

Әдебиеттер тізімі

1. Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі, Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000002020>
2. Ұлттың ұлы ұстазы. Әдебиет. 12 Сәуір, 2022 [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://egemen.kz/article/309167-ulptynh-uly-ustazy>
3. Ахмет Байтұрсынұлының бастауыш мектептегі білім туралы ұстанымдары [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://articlekz.com/kk/article/35625>
4. Ахмет Байтұрсынұлы өмірі және шығармашылығы [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://martebe.kz/axmet-baityrsynuly-omiri-men-shygarmashylygy/>

5. Әуезов, М. Байтұрсынұлы елуге толды [Мәтін] / М. Әуезов. - Алматы: Жалын, 1991.
6. Жұмабаева, Ә.Е. Қазақ тілін оқыту әдістемесі [Мәтін]: оқу құралы / Ә.Е. Жұмабаева, Г.И. Уайсова. - Қарағанды : "Medet Group" ЖШС , 2019. – 234 б.

Мақала редакцияға 9.11.22ж. түсті.

Г.Л. Абдрасилова

Таразский региональный университет им. М. Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан

ОБУЧЕНИЕ НАСЛЕДИЮ А. БАЙТУРСЫНОВА В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

Аннотация. Данная статья посвящена изучению роли и наследия А. Байтұрсынұлы как гениального учителя нашего народа, анализу педагогических взглядов ученого. Также раскрыто значение трудов А. Байтұрсынұлы, связанных с обучением в начальной школе, и способы их применения на предметных уроках.

В произведениях и переводах А. Байтұрсынұлы было убеждено, что нравственные проблемы занимают центральное место в его вышеупомянутых переводах. Главная особенность перевода ученого: доказано, что его переводы не являются прямыми, в них содержатся собственные мнения автора.

Речь идет о грамматических и общезыковых категориях и явлениях, о том, что Ахмет Байтұрсынұлы выделил эти понятия и понятия как специальные казахские термины и дал определение. Приводятся примеры того, что все, что связано с казахским языком обучения, систематически объясняется другими языками, исходя из закономерностей и особенностей, вытекающих из уникальной природы и особенностей казахского языка.

Ключевые слова: Начальная школа, наследие А. Байтұрсынұлы, образование, начальная школа, языкознание.

G.L. Abdrasilova

M.Kh.Dulati Taraz Regional University, Taraz, Kazakhstan

TEACHING A. BAITURSYNOV'S LEGACY IN PRIMARY SCHOOL

Abstract. This article is devoted to the study of the role and legacy of A. Baitursynov as a brilliant teacher of our people, the analysis of the pedagogical views of the scientist. The significance of A. Baitursynov's works related to primary school education and the ways of their application in subject lessons are also revealed.

In the works and writings of A. Baitursynov, it was convinced that moral problems occupy a central place in his aforementioned translations. The main feature of the scientist's translation: it is proved that his translations are not direct, they contain the author's own opinions.

We are talking about grammatical and general linguistic categories and phenomena, about the fact that Akhmet Baitursynov identified these concepts and concepts as special Kazakh terms and gave a definition. Examples are given that everything related to the Kazakh language of instruction is systematically explained by other languages, based on the patterns and features arising from the unique nature and features of the Kazakh language.

Keywords: Primary school, A. Baitursynov's legacy, education, primary school, linguistics.

References

1. Jaña jaǵdaydaǵı Qazaqstan: is-qimil kezeñi [Kazakhstan in a new situation: the period of action], Address of the Head of State Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan on September 1, 2020 [Electronic resource]. – Mode of access: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000002020>
2. Ulttıń ulı ustazı. [Great teacher of the nation]. Literature. April 12, 2022 [Electronic resource]. - Access mode: <https://egemen.kz/article/309167-ulttynh-uly-ustazy>
3. Axmet Baytursynulınıń bastawısh mekteptegi bilim twralı ustanımdarı [Akhmet Baitursynuly's positions on primary school education] / [Electronic resource]. - Access mode: <https://articlekz.com/kk/article/35625>
4. Axmet Baytursynulı omiri jáne sıǵarmaşılıǵı [Life and work of Akhmet Baitursynuly] / [Electronic resource]. – Availability mode: <https://martebe.kz/axmet-baitursynuly-omiri-men-shygarmashylygy/>
5. Auezov, M. Baytursynulı elwge toldı [Baitursynuly turned fifty]. - Almaty: Zalyń, 1991.
6. Zhumabaeva, A.E. Qazaq tilin oqıtw әdistemesi [Methodology of teaching the Kazakh language]: educational tool / A.E. Zhumabaeva, G.I. Vaisova. - Karaganda: "Medet Group" LLP, 2019. - 234 p.